

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
МЕДЕУ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ЗАТТЫ ТҮЛГА МЕМЛЕКЕТТІК ТІРКЕУДЕН  
2018 ж. 16. 05 өткізілді  
№ 13434-1910-06-АД/Ш/У/18  
Министерство юстиции Республики Казахстан  
Департамент юстиции города Алматы  
Управление юстиции Медеуского района  
Произведена государственная регистрация  
юридического лица  
16. 05 20 18 г.  
свидетельство № 13434-1910-06-АД/Ш/У/18  
БСН/БИН 180540016445

ЖАЛҒЫЗ ҚҰРЫЛТАЙШЫНЫҢ  
ШЕШІМІМЕН  
БЕКІТІЛДІ  
«20» сәуір 2018 жыл

«Әскер Мұнай Эксплорэйшн»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ

2018

КЕЛЕСІ БЕТТІ ҚАРАҢЫЗ  
СМОТРИ НА ОБОРОТЕ

**«Әскер Мұнай Эксплорэйшн»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

**1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.1 АНЫҚТАМАЛАР**

«Аффилирлі тұлға» дегеніміз жеке немесе заңды (оларға берілген уәкілеттер аясында, бақылау және қадағалау қызметтерін атқаратын мемлекеттік органдардан басқа), тікелей және/немесе жанамалы шешімдерді анықтау мүмкіндігі бар және/немесе басқа тұлға қабылдайтын шешімдерге, соның ішінде бекітілетін мәмілеге қатысты, ықпал ететін мүмкіндігі бар. Аффилирлі тұлғалардың тізілімі АҚ-дар туралы Заңда анықталған.

«Кеңес» немесе «Директорлар кеңесі» дегеніміз Қоғамның директорлар кеңесін білдіретін, осы Жарғының 8-бабына сәйкес құрылған.

«Шаруашылық қызмет» немесе «Қызмет» дегеніміз осы Жарғының 4-бабына сәйкес жүзеге асырылатын Қоғамның кез-келген шаруашылық қызметін білдіреді.

«Төраға» дегеніміз 8-бапқа сәйкес Директрлармен сайланатын Директорлар кеңесінің төрағасын білдіреді.

«Жарғы» Қоғамның заңды тұлға ретінде мәртебесін анықтайтын құжат.

«Комитет» немесе «Комитеттер» дегеніміз Директорлар кеңесінің комитеті (--тері), осы Жарғының 9-бабына сәйкес, осы Жарғымен және Қоғамның ішкі құжаттарымен құрылған.

«Эксперт» дегеніміз нақты Комитетте жұмыс істейтін қажетті кәсіби білімі бар тұлға.

«Қарапайым акциялар» дегеніміз Қоғам шығарған қарапайым акциялар.

«Қоғам» дегеніміз Жалғыз Құрылтайшының Шешіміне, осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған «Әскер Мұнай Эксплорэйшн» акционерлік қоғамын білдіреді.

«Тіркелу күні» Қоғамның акционерлік қоғам түрінде заңды тұлға ретінде уәкілетті органда тіркелу күнін білдіреді.

«Директор» дегеніміз Директорлар кеңесінің мүшесі.

«Атқарушы орган» немесе «Бас директор» дегеніміз осы Жарғының 10-бабына сәйкес сайланған Қоғамның жекебилікті атқарушы органы.

«Қаржы жылы» дегеніміз Қоғамның қаржы жылы, ол күнтізбелік жылдың 1-қаңтарынан 31-желтоқсанға дейін созылады.

«Құрылтай құжаттары» Қоғамның Жарғысын және Жалғыз құрылтайшының шешімін білдіреді.